


БЕКІТЕМІН

М.Х.Дулати атындағы Тараз
университетінің Ғылым және
коммерциализация департаментінің
директоры

PhD, қауымдастырылған профессор
Қабдушев А.А.


2024 ж.

**«Дулатитану және Өңір тарихы»
ғылыми-зерттеу орталығының**

2024-2025 оқу жылының есебі

2024-2025 оқу жылының есебі

1. М.Х.Дулати мұралары мен Тараз-Әулиеата – Жамбыл аймағының қоғамдық –саяси жағдайларына қатысты сараптамалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жолға қою. (Жауапты: Бақторазов С.У., Самбетова Г.)

М.Х.Дулати мұралары мен Тараз-Әулиеата – Жамбыл аймағының қоғамдық –саяси жағдайларына қатысты ,сараптамалық, деректемелік және тарихнамалық құжаттар негіз көздері мұрағаттан табылып, құжаттар ғылыми тұрғыда өңделіп, ғылыми-зерттеу жұмыстары семинарлар, дөңгелек үстел ұйымдастырылып БАҚ-да жарияланымдар жария етілді.

2. Жамбыл облысының 85 жылдық мерей тойына орай Өңір тарихына қатысты деректемелік және тарихнамалық материалдар дайындау. (Жауапты: Бақторазов С.У., Орынбасар Б., Самбетова Г.)

Әулиеата өңірі тарихына қатысты деректемелік және тарихнамалық құжаттар негіз көздері мұрағаттан табылып, құжаттар ғылыми тұрғыда өңделіп, қолжазба жинағы әзірленіп дайындалды.

3.«Экономиканы экстенсивті дамыту үдерісінің өңірімізге әсері» мақала. Жауапты: Бақторазов С.У.

«Ақ жол» газеті 26 қыркүйек 2024 ж.

<https://aqjolgazet.kz/174172/ekonomikany-ekstensivti-damytu-derisini-irimizge-seri>

4.«Жамбыл облысының тарихы» тақырыбындағы деректемелік және тарихнамалық негіз көздерін тауып, оны ғылыми тұрғыда өңдеп, дайындау арқылы оқу процесіне енгізу. Монография . Жауапты Бақторазов С.У.

Әулиеата өңірі саяси қуғын-сүргін жылдарында (1920-1950) .Монография/Тараз «Алтын баспа», 2024-450 б.

5. Жамбыл облысы тарихына қатысты деректемелік және тарихнамалық материалдар дайындау. (Жауапты: Бақторазов С.У., Самбетова Г.)

Жамбыл облысы тарихына қатысты деректемелік және тарихнамалық материалдар дайындалып соның негізінде дөңгелек үстел өткізілді.

6. «М.Х.Дулати мұраларын зерттеудегі Әбсаттар қажы Дербісәлінің ғылыми еңбектерінің маңызы» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысы. Жауапты: Құлбарақ С.О.

Орталықтың бас ғылыми қызметкері ф.ғ.д., профессор Құлбарақ С. «М.Х.Дулати мұраларын зерттеудегі Әбсаттар қажы Дербісәлінің ғылыми еңбектерінің маңызы» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысы бойынша Астана қаласына өз қаражат есебінен іссапар ұйымдастырылып, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасынан бірқатар құнды материалдар жинақталды.

Іссапардың басты мақсаты-М.Х.Дулати мұраларын зерттеуде Әбсаттар қажы Дербісәлінің ғылыми еңбектерінің маңызын айқындау үшін қажетті дереккөздерді жинау.

Алдағы уақытта жинақталған мәліметтерді толық талдап ғылыми еңбекке енгізіледі.

7. «М.Х.Дулати мұралары Өзбекстан ғалымдарының зерттеуінде» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысы. Жауапты: Құлбарақ С.О.

Орталықтың бас ғылыми қызметкері ф.ғ.д., Құлбарақ С. 2024 жылдың екінші жарты жылдығында «М.Х.Дулати мұралары Өзбекстан ғалымдарының зерттеуінде» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысын 2025 жылдың қыркүйек айына қаржы мәселесіне орай қалдырылды. Бұл зерттеу Әбсаттар қажы Дербісәлінің ғылыми мұралары мен олардың Өзбекстан тарихындағы рөліне арналады.

8. «М.Х.Дулати мұралары төл тарихымызды түгендеген Дулати» мақала. Жауапты: Орынбасар Б.

Орталықтың аға ғылыми қызметкері Орынбасар Б. «М.Х.Дулати мұраларындағы тәрбие мәселесі» тақырыбына арналған мақала дайындалып, «Знамя труда» газетіне жарияланды. 2025 ж 25 сәуір

9.«Әділетті мемлекет. Біртұтас ел. Берекелі қоғам» тақырыбындағы Президент Жолдауының бастамасымен жас ұрпақты нағыз отаншылдыққа тәрбиелеу мақсатында М.Х.Дулатидің аты берілген 3- 10 қараша аралығында университеттің факультеттерінде «М.Х.Дулати – көрнекті мемлекет қайраткері» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шаралар өткізу. (Жауапты орындаушы. Орынбасар Б., Самбетова Г.)

«Әділетті мемлекет. Біртұтас ел. Берекелі қоғам» Президент Жолдауының бастамасымен жас ұрпақты нағыз отаншылдыққа тәрбиелеу мақсатында М.Х.Дулатидің аты берілген 525 жылдық мерейтойына орай 3- 10 қараша аралығында университеттің факультеттерінде «М.Х.Дулати – көрнекті мемлекет қайраткері» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шаралар, апталықтар орталықтың ұйымдастыруымен өткізілді.

Апталықтың шымылдығы Мұхаммед Хайдар Дулатидің ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен ашылды. Рәсімге университеттің профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер және студенттер қатысты. Гүл қою рәсімінен кейін көрнекті тұлғаға құрмет көрсету мақсатында кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуді Басқарма Мүшесі Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Сейтжан Орынбаев құттықтау сөзбен ашып, үшінші қараша оқу ордамызға Дулатидің есімі берілген күн екенін тілге тиек етті. Тарихи тұлғаның ғылыми мұрасын зерттеп, оның мәдени маңыздылығын қазіргі заманмен ұштастырудың қажеттіліктерін атап өтті.

Апталық жиын барысында университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер бірқатар маңызды баяндамалар жасады.

Жиын соңында ұлы тұлғаның шығармашылық және ғылыми мұрасына жан-жақты талдау жасалып, еңбектерін әрі қарай терең зерттеу қажеттіліктері жайлы сөз қозғалды

<https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/7182-m-khammed-khajdar-dulatidi-525-zhyldy-yna-arnal-an-aptaly-bastaldy.html>

10.«М.Х.Дулати мұраларының тарихи-танымдық тағылымдары» халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Жауапты: Орталық қызметкерлері

«М.Х.Дулати мұраларының тарихи-танымдық тағылымдары» халықаралық ғылыми-практикалық конференция 2024 жылдың қараша айына жоспарланған болатын. Алайда, университеттің ішкі жағдайына, қаржы мәселесіне байланысты бұл іс-шара кейінге қалдырылды.

11.М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінде ұйымдастырылатын қызметкерлерінің «Қазақстан тарихы» пәні бойынша біліктілігін арттыру курсына қатысу.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша біліктілігін арттыру курсына орталықтың басшысы Бакторазов С.У. қатысып сертификат алды.

12.Scopus және ҒЖБССҚЕК бағытындағы халықаралық және Қазақстан Республикасының арнайы ғылыми журналдарында мақалалар жариялау және баспаға беру.

12.1.Монғолия аймағындағы қазақ топонимиясы (жазба деректер негізінде) //Л.Н.Гумилев атындағы ЕНУ хабаршысы х ғылыми журналы.Филология сериясы. С.О.Құлбарақ, Г.А.Туякбаев, Ә.М.Башенова-2024.- №3(148)- Б.80-94. ISSN 2616—678X, eISSN:2663-1288 .<https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.01>

12.2.The concept of personality and national identity in contemporary Kazakh prose. U.Samenkyzy, S.Kulbarak, R.Turysbek,A.Ashirbekova, G.Tuyakbaev. Journal of Infrastructure, Policy and Development.8 (12): 8632 <https://systems.enpress-publisher.com/index.php/jipd/article/view/8632>

13.Отандық және шетелдік ғылыми орталықтармен меморандум жасау. Жауапты: Бакторазов С.

13.1. 2024 жылдың 21 қазан айында М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті Қызылорда облысының Қоғамдық даму басқармасының Қоғамдық келісім комуналдық мемлекеттік мекемесімен ғылымды дамыту негізінде меморандумға қол қойды.

13.2. 2024 жылдың 21 қазан айында М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет архивтер және құжаттама басқармасының «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келіру дирекциясы» ынтымақтастыққа лебіз білдіре отырып меморандумға қол қойды.

13.3. 2024 жылдың 16 қараша күні М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті Қарақалпақстан Республикасы Ажинияз атындағы Нөкіс мәмлекетлик педагогикалық институтмен ынтымақтастық және бірлескен ғылыми-зерттеу әрекеттерін нығайту мақсатында меморандумға қол қойды.

13.4. 2024 жылдың 16 қараша күні М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті Қарақалпақстан Республикасы Бердақ атындағы Қарақалпақ мәмлекетлик университетимен ынтымақтастық және бірлескен ғылыми-зерттеу әрекеттерін нығайту мақсатында меморандумға қол қойды.

13.5.2024 жылдың 16 қараша күні М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті Өзбекстан Республикасы Илимлер академиясы Қарақалпақстан бөлими Қарақалпақ гуманитар илимлер илим изертлеу институтымен ынтымақтастық және бірлескен ғылыми-зерттеу әрекеттерін нығайту мақсатында меморандумға қол қойды.

14. Гранттық қаржыландыру конкурсына дайындалатын жоба тақырыбы: Оңтүстік Қазақстанда жүргізілген қуғын-сүргін саясатының деректемелік және тарихнамалық негіздері. Жауапты: Бакторазов С.У.

Орталық басшысы Бақторазов С.У., гранттық қаржыландыру конкурсына «Оңтүстік Қазақстанда жүргізілген қуғын-сүргін саясатының деректемелік және тарихнамалық негіздері» тақырыбында өтінім берді. Бірақ өтінім талапқа сай болмағандықтан қабылданбады.

**15. Халықаралық, республикалық конференцияларға мақалалар дайындау.
Жауапты: Орталық қызметкерлері.**

15.1. «Қазақстанның оңтүстік өңірінде қалалар мен аудандар деңгейінде жүзеге асырылған саяси репрессиялар» 31 мамыр саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні «Қазақстан халқының тарихи жады: тарих және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. // 31 мамыр Қарағанды 2024 18 б. (Жауапты орындаушы: Бақторазов С.У.)

15.2. 1920-шы жылдары Түркістан АКСР-індегі билікті қолғау органдарын қайта ұйымдастыру «Түркістан өлкесіндегі жүргізілген саяси қуғын-сүргін: тарих және тың көзқарас» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2024 мамыр 45 б. Жауапты: Бақторазов С.

15.3. Түркістан өлкесіндегі кеңестік биліктің алғашқы жылдары қалыптасқан әлеуметтік-саяси ахуал «Түркістан өлкесіндегі жүргізілген саяси қуғын-сүргін: тарих және тың көзқарас» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2024 мамыр 48 б. Жауапты: Бақторазов С.

15.4. «Жамбыл өлкесінде жүргізілген саяси қуғын-сүргін: ашаршылық ақиқатын ашу – ұрпақ парызы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Әулиеата өңірінде жүргізілген саяси-қуғын сүргін: тағдырлар қасіреті 2024 ж. 7 б. Жауапты: Бақторазов С.

15.5. «Атлах шайқасы және ислам өркениетінің ұлы далаға таралуы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы 18 ақпан 2025 ж. 15 б.

15.6. «Қазақ жеріндегі Исламның таралуы» «Атлах шайқасы және ислам өркениетінің ұлы далаға таралуы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы 18 ақпан 2025 ж. 114 б. Жауапты: Орынбасар Б.

15.7. «Қазақ қоғамындағы ислам дінінің алатын орны» .«Атлах шайқасы және ислам өркениетінің ұлы далаға таралуы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы 18 ақпан 2025 ж. 167 б. Жауапты: Самбетова Г.

16. «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының жұмысын әлеуметтік желіде белсенді ету. (Жауапты орындаушы: Орынбасар Б.)

2024-2025 оқу жылында «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының жұмыс жоспарына сәйкес орындалған іс-шаралар жөнінде жан-жақты ақпарат әлеуметтік желілерге беріліп отыр.

17. Тұрар Рысқұловтың 130 жылдық мерейтойына орай «Ұлт көсемі» тақырыбында конференция өткізу. Жауапты: Орталық қызметкерлер

М.Х.Дулати, атындағы Тараз университетінің ұйымдастыруымен мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы Тұрар Рысқұловтың 130 жылдық мерейтойына орай «Ұлық Тұлға» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Конференция шымылдығы Т.Рысқұловтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен ашылды. Тұрар Рысқұловтың өмірі мен ғылыми ізденістерін жан-жақты зерттеуге арналған салтанатты жиынға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев, еліміздің әр аймағынан арнайы келген тарихшылар

мен белгілі ғалымдар, оқу ордамыздың профессор оқытушылар құрамы мен студенттер катысты.

Ербол Шырақпайұлы жиынды құттықтау сөзбен ашып, ұлт азаттығы жолында құрбан болған халқымыздың асыл перзентінің рухына тағзым ету – бүгінгі ұрпақтың парызы екенін жеткізді.

Конференция соңында ұлы тұлғаның шығармашылық және ғылыми мұрасына жан-жақты талдау жасалып, еңбектерін әрі қарай терең зерттеу қажеттіліктері жайлы сөз қозғалды. Қатысушылар ұсыныс-пікірлерін білдіріп, еліміздің даму жолындағы қарқынды жұмыстардың жалғасын табатындығымен қорытындыланды. <https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/7314-t-rys-lovty-130-zhyldy-yna-oraj-khaly-araly-konferentsiya-ti.html>

18. Әулиеата өңірін және М.Х.Дулати мұраларын зерттеу салаларындағы қалыптасқан алдыңғы қатарлы тәжірибені үйрету мақсатында жақын шетелдердің жетекші университеттері мен ғылыми орталықтарына тағылымдамаға бару. Жауапты: Бахторазов С.

2025 жылдың 2 мамыр айында Түркия Республикасының алғашқы білім ордасы Анкара университетінің «Тіл, тарих және география» факультеті және «Көк Ту» қазақ мәдениеті қоғамының ұйымдастыруымен университетіміздің профессоры Бахторазов С. «Қазақстанның Оңтүстік өңірінде 1920-30-шы жылдары жүргізілген саяси қуғын-сүргін» атты еңбегінің тұсаукесері мен университет студенттеріне дәрісін өткізді.

19. «Атлах шайқасы және ислам өркениетінің Ұлы далаға таралуы» халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Жауапты: Орталық қызметкерлері

2025 жылдың 18 ақпанында онлайн және оффлайн форматта «Атлах шайқасы және ислам өркениетінің Ұлы далаға таралуы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Ұйымдастыру комитеті: «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығы және «Білім берудегі Тарих және география» кафедрасының PhD, қауымдастырылған профессоры Гүлжан Идрисова.

Конференцияға шетелдік және еліміздің әр аймағынан арнайы келген тарихшылар мен белгілі ғалымдар, оқу ордамыздың профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер катысты.

Конференцияның мақсаты – Атлах шайқасының тарихы мен саяси оқиғаларын және Ислам өркениетінің ұлы далаға таралу мәдениеті мен әлемдегі рөліне байланысты зерттеулер мен тұжырымды ойлармен бөлісу. Өскелең жас ұрпаққа шайқастың тарихи құндылығын ұғындырып, маңызы мен мазмұнын насихаттау.

«Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы, т.ғ.к., профессор Сейдахан Бахторазов сөз алып, ислам өркениетінің Ұлы далада орнығуы – тек діни құбылыс емес екенін, әрі аймақтың әлеуметтік-экономикалық және интеллектуалдық дамуында да шешуші рөл атқаратынын айтты. Бұл дәуірде түркі әлемінен Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Ахмет Ясауи сынды ғұламалар шығып, исламдық ғылым мен мәдениетке баға жетпес үлес қосқанын жеткізді. Ерен еңбектері бүгінгі таңда әлемдік өркениеттің ажырамас бөлігі болып табылатынын сөз етіп, өз мәдениетін, ана тілін сақтау, тарихи тәжірибеге, дінге сүйенудің барлығы ұлттық бірегейлікті айшықтайтынын тілге тиек етті. Бауырлас халықтарды ортақ тарих қана емес, бейбітшілік қағидаттарына негізделген берік ұстанымның да біріктіретінін баса айтты.

Басқосуда танымал ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері баяндама жасап, тұшымды ойларымен бөлісті.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті т.ғ.д., профессор Хазретәлі Тұрсұн «Түркі-ислам өркениетінің бастауы – Атлах шайқасы» тақырыбында, Б.Т.Турусбеков атындағы Қырғыз мемлекеттік дене шынықтыру және спорт академиясы «Философия және гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі Замира Тентиевна «Атлах шайқасы: Ұлы далада исламның таралуы» тақырыбында баяндама жасап, өзіндік

ой-пікірлерімен бөлісті. Дулати университетінің қауымдастырылған профессоры Гулжан Идрисова «Атлах-Талас шайқасының тарихи маңызы» тақырыбында баяндама жасаса, профессор, т.ғ.к. Жанна Сейітқұлова «Қазақ тарихындағы ислам дінінің ұлттық мәдениетке әсері» тақырыбында баяндама жасап, өз ойын ортаға салды.

Конференция соңында «Атлах шайқасы және ислам өркениетінің Ұлы далаға таралуы» тақырыбына жан-жақты талдау жасалып, әрі қарай терең зерттеу қажеттіліктері жайлы сөз қозғалды. Қатысушылар ұсыныс-пікірлерін білдіріп, еліміздің даму жолындағы қарқынды жұмыстардың жалғасын табатындығымен қорытындыланды. <https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/7675-khaly-araly-ylymi-t-zhiribelik-konferentsiya-tti.html>

20. «Тектұрмас феномені: аңызға негізделген ақиқат» халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Жауапты: Орталық қызметкерлер

2025 жылдың 16 сәуірінде «Тектұрмас баба феномені: аңызға айналған ақиқат» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Шара Тарих кафедрасының т.ғ.к., доцент Жанна Сейтқулованың алғы сөзінен басталды:

- Тектұрмас — халқымыздың тарихи жадымен астасып жатқан киелі орындардың бірі. Ол – ел тарихындағы рухани тұлғалардың бірі Сұлтан Махмұт ханға арналған сәулет өнері ескерткіші. Бұл күмбез ғасырлар тереңінен сыр шертетін, Тараз қаласының оңтүстігінде, Талас өзенінің бойында бой көтерген тарихи нысан. Бүгінгі ғылыми-тәжірибелік конференция аясында Тектұрмас баба феноменін жаңа қырынан тануға бағытталған ізденістер – ұлттық санамызды жаңғырту жолындағы маңызды қадам. Сіздердің осы бағыттағы ғылыми еңбектеріңіз – тарихты құрметтеу мен келешек ұрпаққа аманат етер рухани байлықты дәріптеудің айғағы. Сіздерге шын жүректен ғылыми табыс, шығармашылық шабыт пен сәттілік тілейміз.

Конференцияның мақсаты - Тектұрмас баба есімін жаңа қырынан танып, тарихи және мәдени мұраларды зерттеу, оның қазақ тарихындағы және мәдениетіндегі орны мен маңызды талқылау. Конференцияда ғалымдар, тарихшылар, этнографтар, философтар мен мәдениеттанушылар өзара пікір алмасып, Тектұрмас бабаның тарихи зерттеудің жаңа жолдарын ұсынады.

Жиын соңында студенттер ғалымдарға сұрақтар қойып, жауаптарын алды. Ал қатысушылар арнайы «Алғыс хатпен» марапатталды.

<https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/8044-khaly-araly-ylymi-t-zhiribelik-konferentsiya-tti.html>

21. «Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында» дөңгелек үстел. Жауапты Бахторазов С.

2025 жылдың 8 мамыр күні Ұлы Отан соғысының – 80 жыл толуына орай «Қайсар рух, адал еңбек» атты тамаша рухани-танымдық кездесу кеші өтті.

Іс-шара барысында соғыс жылдарындағы әйел-аналардың қайсарлығы, тылдағы қажырлы еңбегі және олардың бүгінгі ұрпаққа қалдырған рухани-адамгершілік мұрасы кеңінен дәріптелді. Бұл кеш – майдан мен тылда жан аямай еңбек еткен аналарға тағзым білдіру, жас ұрпақты отансүйгіштікке баулу мақсатында ұйымдастырылды.

Кешке облыстық ардагерлер ұйымының өкілдері, қоғам қайраткерлері, архив саласының мамандары, белгілі тұлғалар мен жастар, Бүкілодақтық ауылшаруашылығы көрмесінің 6 медалі, 4 дүркін Ленин ордені, "Орақ пен Балға" алтын медалі, «1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбектегі ерлігі үшін» медалдерінің иегері, Социалистік Еңбек Ері Сындыбала Оңғарбаеваның ұрпақтары, зиялы қауым және БАҚ өкілдері қатысты. Бахторазов С. «Жеңісті жанкешті еңбегімен жетелеген» тақырыпта баяндама оқыды.

Жиын алдында қатысушылар Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі ұйымдастырған арнайы тақырыптық көшпелі көрмесін тамашалады. Көрмеде соғыс және еңбек

майданындағы аналарға арналған мұрағаттық құжаттар, тарихи жәдігерлер мен фотоматериалдар көрсетілді. <https://www.facebook.com/share/p/1LPMhSJPY5/>

22. "Әулиеата өңірі саяси қуғын-сүргін жылдарында (1917–1939)" Дөнгелек үстел .

Жауапты. Орталық қызметкерлер

30 мамыр 2025 жылы орталықтың ұйымдастыруымен "Әулиеата өңірі саяси қуғын-сүргін жылдарында (1917–1939)" тақырыбында дөнгелек үстел өткізілді

Мақсаты:

Әулиеата өңіріндегі 1917–1939 жылдар аралығындағы саяси қуғын-сүргіннің зардаптарын зерделеу;

Репрессия құрбандарының тағдырын еске алу және тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге үн қосу;

Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және ұлттық жадыны сақтау.

23. «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының жылдық есеп беруі. Жауапты. Орталық қызметкерлер

2024-2025 оқу жылының есебі толық дайындалып жоспардағы іс-шаралар орындалды.

Жоспардан тыс орындалған жұмыстар:

1. 2024 жылы 29 тамызда «Өрлеу» кәсіби даму институты «Ата Заң - Тәуелсіздігіміздің тұғыры» атты тақырыпта дөнгелек үстел өткізді. Бұл іс-шараға университет ғалымдары, қоғам өкілдері және арнайы шақырылған қонақтар қатысты.

Іс-шараның басты мақсаты – Қазақстан Республикасының Конституциясының маңызын атап өту.

Дөнгелек үстелге М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университетінің профессоры, «Дулатитану және Өңір тарихы» Ғылыми зерттеу орталығының басшысы Бақторазов Сейдахан Уәлиұлы Қазақтың Ата заңдарының тарихымен таныстырды. Заң еліміздің тұрақтылығының негізі және тәуелсіздігіміздің кепілі ретінде мемлекетіміздің дамуына бағытталған маңызды құжат екендігіне ерекше назар аударылды. Конституция қағидаларын құрметтеу және оны сақтау әрбір азаматтың абыройлы борышы екендігі айтылды. Сонымен қатар, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша ұлттық және адами құндылықтар негізінде баяндама оқылып, «Ұрпақтар сабақтастығы» атты интерактивті дәріс өткізілді. Іс-шара аясында Ш.Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап кітапханасы кітап көрмесін ұйымдастырды, ал шара соңында еліміздің патриоттық әндері шырқалды.

<https://www.instagram.com/p/DALtismMfoq/?igsh=MWxhamZhaDJxemQ4eQ==>

2. 2024 жылы 5 қыркүйекте Қазақстан халқы тілдері күніне орай облыс әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы дәстүрлі «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауын өткізді.

Байқаудың мақсаты – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және оны өңірдің қоғамдық-саяси, рухани-мәдени салаларында кеңінен қолдануды насихаттау болды. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік тілдің маңыздылығын арттырып, қазақ тілін кеңінен қолданысқа енгізу жұмыстарын жандандыру.

Аталған шараға аудандар мен Тараз қаласынан 12 үміткер қатысып, 5 номинация бойынша сынға түсті. Байқау барысында «Үздік радиобағдарлама», «Үздік телебағдарлама», «Үздік сайт мақаласы» және «Үздік мақала» сияқты номинациялар

бойынша үздіктер анықталды. Салтанатты рәсімде «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері филология ғылымының докторы, профессор Құлбарақ С. қатысушыларды құттықтап, мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін ерекше атап өтті. Ол өз сөзінде: «Мемлекеттік тілді дамыту мен оның қолданыс аясын кеңейту – әрбір азаматтың міндеті. Сіздердің еңбектеріңіз арқылы қазақ тілі бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қолданыс тауып, еліміздің рухани байлығын насихаттауға үлкен үлес қосады» деп атап өтті. Сондай-ақ, Құлбарақ байқауға қатысқан барлық үміткерлерге алғыс білдіріп, жүлдегерлерге алғыс хаттар мен дипломдар табыс етті, оларға алдағы уақытта да шығармашылық табыстар тіледі.

<https://www.facebook.com/share/p/XHRy8PWFRWBz6AUK/?mibextid=WC7FNe>

3. 2024 жылы 21 қыркүйек күні Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейіне Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, облыстық тарихи-өлкетану музейінің Жошы Ұлысының 800 жылдығына орай «Талас-Ұлытау-Сарайшық» атты республикалық тарихи-этнографиялық экспедициясының дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: Экспедиция Қазақстан аумағындағы Жошы Ұлысының тарихына қатысты тарихи және табиғи ескерткіштерін аралай жүріп, көпшілікке насихаттау. Жошы Ұлысының тарихын танытудағы азаматтық белсенділікті арттыру, тарихи туризмді дамыту.

Дөңгелек үстел отырысына жетекші ғалымдар, өлкетанушылар, тарихшы, археолог мамандар, республикалық музейлердің қызметкерлері қатысты.

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің профессоры, «Дулатитану және Өңір тарихы» Ғылыми зерттеу орталығының басшысы Бақторазов Сейдахан Уәлиұлы Қазақстан аумағындағы Жошы ұлысына қатысты тарихты кеңінен насихаттады.

Іс-шара соңында Алтын Орда дәуіріне қатысты экспонаттардан «Жошы Ұлысы Алтын Орда бесігі» жылжымалы көрмесіне қонақтар экскурсия жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/DALtismMfoq/?igsh=MWxhamZhaDJxemQ4eQ>

4. 2024 жылы 17 қыркүйекте Ш.Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасынд Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың туғанына 85 жыл толуына орай «Телегей теңіз дарын» тақырыбында портрет кеші ұйымдастырылды.

Мақсаты: Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау, оның әдеби мұрасын жас ұрпаққа таныту және қазақ тілінің мерейін көтеру. Сонымен қатар, ұлы жазушының шығармалары арқылы оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру және рухани байлығын дамыту болды.

Бұл іс-шараға университет ғалымдары, қоғам өкілдері, Тараз техника мен бизнес колледжінің студенттері, және Тараз қаласындағы №3 мектеп-лицейі мен №7 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Феруза Холбаева және Мәншүк Кембаева, Керімбай атындағы №12 мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі Эльмира Қайырбаева, және аталмыш мектеп оқушылары қатысты

Портрет кешіне М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университетінің филология ғылымының докторы, профессор Сәмен Құлбарақ ұлы жазушының өнегелі өмірі, артында қалдырған мұрасы, шығармалары туралы кеңінен әңгімелеп, шығармаларын насихаттау арқылы қазақ тілінің мерейін көтеру керек екенін тілге тиек етті. Іс-шара соңында мектеп оқушылары Әбіш Кекілбаевтың өлеңдерін жатқа оқыды.

<https://www.instagram.com/p/DABNI6ZMbTZ/?igsh=bG1lcmliaWl5M3A>

5. 2024 жылдың 27 қыркүйегінде Тараз қаласында «Дәстүр және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті

Конференцияның мақсаты – дәстүрлі қолөнер мен мәдениетті насихаттау, сондай-ақ, ұлттық мәдениетті зерттеу мен дамыту мәселелерін талқылау.

Конференция аясында спикерлер ұлттық қолөнердің тарихы менбүгінгі жағдайын, оның заманауи қоғамдағы рөлін талқылады.

М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университетінің профессоры, «Дулатитану және Өңір тарихы» Ғылыми зерттеу орталығының басшысы Бахторазов Сейдахан Уәлиұлы «Тараз орта ғасырлардағы қолөнер және сауда орталығы: тарих және тың көзқарас» баяндамасында Тараздың орта ғасырлардағы қолөнер және сауда орталығы ретіндегі тарихи маңызын ерекше атап өтті.

6. Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2024 жылғы 22 қазандағы 912 бұйрығы.

Бахторазов Сейдахан Уалиевичке 60100- Тарих және археология ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы берілді.

<https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/7168-universitet-stazy-sejdakhan-bakhtorazov-uallievichke-ylymi-ata-berildi.html>

7. Университет қабырғасында Баскарма төрағасы – ректор Мұхтар Байжұманов шәкірт жолында талмай еңбек еткен және білім саласына үлесін қосып жүрген бірқатар ұстаздарға марапаттарын табыстады.

«М.Х.Дулати.Үздік табыстары үшін» төсбелгісімен «Журналистика және филология» кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы **Сәмен Құлбарак** марапатталды.

<https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/7086-zdik-stazdar-marapattaldy.html>

8. 2024 жылдың 10 қазан күні Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасы мен М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті «Дулатитану және Өңір тарихы » ғылыми-зерттеу орталығы бірлесе ұйымдастыруымен әйгілі тарихшы, ұлы ойшыл Мұхаммед Хайдар Дулатидің 525 жылдық мерейтойы аясында «М.Х.Дулати мұрасы: тарих пен тағылым»тақырыбында оқу конференциясын өткізді.

Конференция мақсаты: орта ғасырлар тарихы бойынша ғылыми тұрғыда бізге жеткізуші ғұлама ғалым, ақын, қолбасшы, әрі дипломат М.Х. Дулати екендігін ұғындыру, әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде қазақ халқының өсу тарихы мен мәдениетін көрсету. Жиын М.Х.Дулатидың образындағы сахналық көріністен бастау алып,өмір деректеріне қатысты қысқаша шолу ретінде бейнероликпен жалғасын тапты. Сонымен қатар, тарихи тұлғаның «Тарих – и Рашиди» атты еңбегі зағип жандарға арналған Брайль қарпіндегі тұсаукесер рәсімі өткізілді.

Тағылымды басқосуда Жамбыл облыстық білім басқармасына қарасты мектеп ұстаздары Абитова Мереке Муртазаевна, Канаева Гульнара, және Қаратау тау – кен технологиялық колледжінің оқытушысы Абдыханова Ғалия Тұрарқызы Дулати іліміндегі рухани құндылықтарды негізге ала отырып, тұщымды баяндамалар жасады.

Ғасыр данасы атанған тұлғаға арналған конференцияда ғылыми зерттеушілер Құлбарак Сәмен Оразғалиұлы, Мұқашев Темірбай Әлиұлы, Бақытжан Махашұлы сынды профессорлар М.Х.Дулати өмірінің беймәлім тұстары мен артында қалған мұралары жайлы құнды ой – тұжырымдарымен бөлісіп,әлемдік мәдениет пен өркениетке қосқан үлесіне қатысты зерттеулер төңірегінде пікір алмасты.

Аталған шара соңы тарихи өтпелі кезеңде халықтың азаттығы жолында ерен еңбек еткен ата-бабаларымызды жадымыздан шығармау перзенттік парызымыз, азаматтық борышымыз екенін айтылып, қорытындыланды.Есімі әлемдік тарих пен мәдениетте «Тарих – и Рашиди» еңбегі арқылы мәңгі сақталған ұлы тұлғаның асыл аманаттарын ардақтау мақсатында өткізілген оқу конференциясы жоғары деңгейде өтті.

<https://www.instagram.com/p/DA8TbVOM4x4/?igsh=bzNoaHE3eWY2amdmd>

9. 2024 жылдың 11 қазан күні «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығы «Ақ жол» Демократиялық партиясының ұйымдастыруымен өтетін «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы-12» жалпы ұлттық байқауы туралы хат пен конкурс шарттарын барлық факультеттерге таратып таныстырды. Байқаудың шарттарын түсіндіру мақсатында Бахторазов Сейдехан Уәлиұлы 11 қазан күні сағат 15.00-де Сулейманова 11, 1.4.302 аудиториясында білімгерлермен кездесу өткізді. Жамбыл облыстық «Ақ жол» партиясының өкілі Сейсегүл Дүйсебайқызы байқаудың шарттарын толық түсіндірді. Бұл шараға профессор Бахторазов С.У., PhD докторы Идрисова Гүлжан, Көбесова Ақнұр, Альдибаева Аида және 2, 3, 4 курс студенттері қатысты. Білімгерлер белсенді қатысып, сұрақтарына жауап алды. Оқытушы Идрисова Гүлжан жетекшілігімен 4 курс студенттері Қадырбек Төлеген, Қуандық Әліби, Әшірхан Құттыбек, 3 курс студенті Боранбаев Бахтияр, 2 курс студенті Кукушева Маржан, сондай-ақ Альдибаева Аида жетекшілігімен 4 курс студенті Қуанышбек Жалғас байқау жұмыстары бойынша жұмыс істеп жатыр. Олар жобаларын 30 қазанға дейін электронды поштаға жіберуді жоспарлап отыр.

10. 2024 жылдың 16 қазан күні Ақтөбе облыстық С.Бәйішев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасы М.Х.Дулатидың 525 жыл толуына орай «М.Х.Дулати тағылымы» тақырыбында оқу конференциясы өткізді.

Іс-шараның қонақтары қазақ мәдениетінің қалыптасуына зор үлес қосқан М.Х.Дулатидің өмір жолы мен қызметін, «Тарих-и Рашиди» кітабы туралы нақты дәлелдемелерді айта отырып, бұл ғылыми еңбектің жас ұрпақ бойындағы тарихи сананы жаңғыртып, тағылым алуына жетейлейтініне нық сенім білдірді. Сонымен қатар, дулаттануды бүгінгі күн талабы тұрғысынан биік деңгейде дамытып отырған М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері зум қосымшасымен филология ғылымдарының докторы, профессор «Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері Құлбарак Сәмен Оразғалиұлы М.Х.Дулатидің әдеби мұрасы – «Жаһан-наме» дастаны жайында баяндады.

<https://www.instagram.com/p/DBLmq2AM6tE/?igsh=MXM4cHBsc2tuMWYwNQ==>

11. 2024 жылдың 23 қазан айында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде тарихшы, ғалым М.Х.Дулатидің 525 жылдық мерейтойына арналған «М.Х.Дулати мұраларының тарихи, өркениеттік аспектілері» атты республикалық конференция өткізді. Конференцияны Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Жандос Базартай жүргізіп, тарихи тұлғаның ғылыми мұрасын зерттеп, оның тарихи және мәдени маңыздылығын қазіргі заманмен ұштастырудың маңыздылығын атады. Конференция барысында еліміздің беделді ғалымдары бір қатар маңызды баяндамалар жасады. Алғашқы болып Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ҚР ҰҒА академигі Берекет Кәрібаев «М.Х.Дулати- Қазақ хандығының тарихын түңғыш зерттеуші» тақырыбында баяндама жасады. Ол өз сөзінде Қазақ хандығы тарихындағы рөліне тоқталып, оның ебектерінің бүгінгі ғылымға тигізер әсерін атап өтті. М.Х.Дулати қорының директоры әрі Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мұхтар Қазыбек «М.Х.Дулати және Шығыс өркениеті» тақырыбында Дулатидің Шығыс өркениетіне қосқан елеулі үлесін жан-жақты талқылады. Ал, М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері С.Құлбарак «М.Х.Дулатидің жазушылық шеберлігі және «Жаһан-наме» дастаны» тақырыбы аясында Дулатидің әдеби мұрасын, атап айтқанда «Жаһан-наме» дастанының көркемдік ерекшеліктерін сараптады. Сонымен қатар, М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің профессоры С.Бахторазов «М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі тарихи-танымдық деректер» баяндамасында бұл еңбектің қазақ тарихына қосқан құнды үлесіне тоқталды.

12. 25 қазан – Республика күніне орай, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев университеттің профессор-оқытушылар құрамымен «Сапалы білім – саналы ұрпақ кепілі» атты тақырыпта кездесу өткізді.

Жиынды Басқарма төрағасы – ректор Мұхтар Байжұманов ашып, ұжымды ұлтымыздың ең ұлық мерекесімен құттықтады. Оқу ордамыз еліміз тандаған даму жолынан ешқашан айнымайтынын тілге тиек етіп, болашаққа сеніммен қарайтын ұлт қана табысқа жете алатынын баса айтты.

Басқосуда университетіміздің профессор, доценті Сейдахан Бахторазов «Тәуелсіздік туын тұғырына қондырған Егемендік декларациясы» тақырыбында баяндама жасады. Сонымен қатар, аға оқытушы, PhD доктор Альбина Максutowаның «Жаңғыру кезеңіндегі тәуелсіз Қазақстан!» атты баяндамасында ұсыныс-пікірлер айтылып, еліміздегі ауқымды саяси жаңғырулар арқылы мемлекетіміздің демократиялық дамуының жаңа бағдары айқындалатынын жеткізді.

Жиында Мәлік Нұржанұлы тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепілі болып табылатын еліміздің экономикасы мен мәдениеті, білім мен ғылым салаларындағы елеулі жетістіктер жөнінде сөз етті. Президент барлық сала бойынша түрлі бастамаларды көтеріп, алдағы жұмыс жоспарын бекемдеп бергенін әрі Қасым-Жомарт Тоқаев көтерген барлық саяси реформалар болашақта өз жалғасын табатынын тілге тиек етті. Кездесу соңында Мәлік Нұржанұлы айтылған ілкімді ұсыныстар ескерусіз қалмайтынын жеткізіп, біліммен қатар ұлттық тәрбиеге ден қоятын оқу ордасының білім жүйесі жыл сайын жаңарып, заман талабына сай жаңғырып келетінін айтып, ұжымға өз алғысын білдірді. Жиналған жұртты Республика күні мерекесімен құттықтап, қазақ еліне одан әрі табыс пен өркендеу, бейбітшілік пен келісім тіледі!

<https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/7161-sapaly-bilim-sanaly-rpa-kepili-atty-kezdесu-tti.html>

13. 2024 жылғы 29 қазанда М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінде **Академик Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 125 жылдық мерейтойына «Қаныш Сәтпаевтың қоғамдық-саяси қызметі»** атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараны «Білім берудегі тарих және география» кафедрасының «Мұрагер ғылыми үйірмесінің қатысуымен ұйымдастырылды. Іс-шараны модераторы болып үйірме жетекшісі **Идрисова Гүлжан Бердімбайқызы** жүргізді. Университет атынан «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы С.У.Бахторазов, облыстық «Тарихтану» орталығының тарих бөлімінің меңгерушісі А. Шайділдаев және кафедра ПОҚ құрамы қатысты. Дөңгелек үстелге 40 – дан астам адам – тарихшылар, мұражай қызметкерлері, Байзақ ауданы Н.Гоголь атындағы мектеп А.Даданбаеваның жетекшілігімен, Меркі ауданы Р.Ахбанбетовтың жетекшілігімен, сонымен қатар Тараз қаласының № 6, 9, 54, 56 мектеп гимназиясының оқушылары, Абай атындағы Жоғары педагогикалық колледжінің студенттері қатысты. №9 мектептің тарих пәнінің мұғалімі А.Умиралиева, №54 мектеп тарих пәнінің мұғалімі Р.Даутова, №6 мектеп тарих пәнінің мұғалімдері Ж.Жунусова, Байзақ ауданы, Көктал орта мектебі, 9 сынып оқушысы Келдібек А.Т., жетекші А.Даданбаева, Байзақ ауданы, 10 сынып оқушысы Файзуллаева А., жетекшісі А. Бекжигитова т.б. қатысты. Абай атындағы Жоғары педагогикалық колледжінің студенті Жарқынбай Н.К., тарих мамандығының 2 курс студенттері Еркін У.К., Таңат А.Т., Абдыманат Ж.Г., үйірме мүшелері Бурамбаев Б.Ж., Тоқтағұл Е.Т., Қадырбек Т.А. тарих мамандығының 4 курс студенттері Әшірхан Қ.Н., Бахытбекова А.Т. дөңгелек үстел барысында белсенділік көрсетті. Тараз қаласының №9 орта мектебінің 10 сынып оқушылары М.Жұматай, С.Жансерік, тарих пәнінің мұғалімі Ауғанбаева Ж.Ж. жетекшілігімен келген мектеп оқушылары белсенділік көрсетті. Мазмұнды баяндамасы үшін 4 курс тарих мамандығының 4 курс студенті Әшірхан Қ.Н. тақырыбы : «Қаныш Сәтпаев және ғылыми майдан», жетекшісі Идрисова Г.Б. және №9 мектептің 10 сынып

оқушысы Жансерик Саяжан, тақырыбы «Бір ауылды аштықтан алып қалған академик», жетекшісі Ауғанбаева Ж.Ж. баяндамалары ерекше аталып өтті. Қалған қатысушылар сертификатпен марапатталды және белсенділік бірдірген ғылыми жетекшілеріне алғыс хат табысталды.

<https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/7175-anysh-s-tbaevty-o-amdy-sayasi-ymzeti-atty-d-gelek-stel-tti.html>

14. Жаратылыстану ғылымдары факультеті «Білім берудегі тарих және география» кафедрасының ұйымдастыруымен М.Х.Дулатидың 525 жылдығына арналған «М.Х.Дулатидың «Тарих-и-рашиди» еңбегіндегі қазақ хандығының құрылуы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелге Басқарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Аслан Еділханұлы, ардагер ұстаз ф.ғ.к., доцент Расылхан Жүншеев, қалалық Билер алқасының төрағасы Сатыбалды Досымбекұлы, Ш.Мұртаза атындағы Тарихтану орталығының «Тарих» бөлімінің меңгерушісі Асылжан Шайдилдаев, «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері Гаухар Самбетова, «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы Акнур Кобесова және студенттер қатысты.

Жиынның мақсаты – ұлы тұлғаның шығармашылық және ғылыми мұрасын жан-жақты зерттеп, өмірі мен шығармашылығы жайлы жастарға жеткізу. Сонымен қатар, М.Х.Дулатидың тұлғалық қасиеттеріне тоқтала отырып, қазақ тарихына қосқан құнды үлесін насихаттау.

Жиынды Басқарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Аслан Еділханұлы құттықтау сөзбен ашты. Тарихи тұлғаның ғылыми мұрасын зерттеп, оның мәдени маңыздылығын қазіргі заманмен ұштастырудың қажеттіліктерін атап өтті.

Жиын барысында «Философия және саясаттану» кафедрасының доценті Расылхан Жүншеев М.Х.Дулати шығармасындағы пәлсапа тұрғысынан ой толғаған көзқарастарын атап өтті. Ш.Мұртаза атындағы тарихтану орталығының «Тарих» бөлімінің меңгерушісі Асылжан Шайдилдаев «Тарих-и-Рашиди» еңбегіндегі

і «Қазақ» сөзінің түп-төркіні мен деректерге тұжырымды ойларымен бөлісті. Сондай-ақ, «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы Акнур Кобесова «М.Х.Дулати өмірі мен шығармалары» тақырыбында тарихи жазбаларды зерттеу арқылы қазақ халқының өсу тарихы мен мәдениеті жайлы сөз қозғады. Тарих мұғалімдерін даярлау мамандығының студенттері қазақ хандығының құрылу тарихынан үзінді көрініс көрсетті.

Жиынды ұйымдастырушысы, «Білім берудегі тарих және география» кафедрасының доценті Гульжан Идирисова барша келген қонақтарға өз алғысын білдірді. Ұлы тұлғаның шығармашылық және ғылыми мұрасына жан-жақты талдау жасалып, еңбектерін әрі қарай терең зерттеу қажеттіліктері жайлы сөз қозғалды.

<https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/7208-m-kh-dulatidy-525-zhyldy-yna-arnal-an-d-gelek-stel-tti.html>

15. 2024 жылдың 8 қарашасы Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі» ұйымдастыруымен «Digital Kazakhstan: цифрлық білім берудегі тәжірибелер, идеялар, перспективалар» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өткізді.

Конференцияның мақсаты: озық білім беру тәжірибесін дамытудың негізгі тенденциялары туралы ұғымдарын кеңейту, цифрлық білім берудің теориясы мен практикасын өзара әрекеттестіру. .

Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі директорының ғылыми және оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Абжапарова Бағила Көшербайқызының құттықтау сөзі берілді. Пленарлық мәжілісте Дүйсенбі Асқар Кейкіұлы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, PhD докторы. Баяндама тақырыбы: “Единица жақсысы: Абай мұраларын зерттеудің ғаламтор антологиясы”, Муксиева Нургуль Едиловна, Қатира Дүтбаева атындағы Атырау

гуманитарлық колледжі директорының, барша қатысқан қатысушыларға алғыс білдіріп, сертификат пен алғыс хат табыстады.

16. 2024 жылдың 11 қарашасында Модератор: Журналистика және филология кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. Көпбаева Меруерт Рахымбайқызының ұйымдастыруымен «Есейхан Алдамұратұлы және ұлттық құндылықтардың танымдық мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ұлттық құндылықтарды дәріптеуге шақыруын қолдау мақсатында өткізілетін «Есейхан Алдамұратұлы және ұлттық құндылықтардың танымдық мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда ел басқарған көсем, саңлақ шешен, жалынды қолбасшы, тарихи тұлға Есейхан Алдамұратұлының ерлігі мен еңбегін ұлттық құндылықтармен сабақтастықта қарастырып, өскелең ұрпақтың ой-зердесін дамытып, рухани деңгейін байыту болып табылады.

Қатысушылар: Кіріспе сөз Сейітжан Әуезжанұлы Орынбаев, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің ғылым және цифрландыру жөніндегі проректоры, алыс-жақын шет елдерге танымал, республикамыздың айтулы ғалымдары: Дәдебаев Жанғара

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, ҚР Жоғары мектеп ұлттық ғылым академиясының, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының, ҚР Білім академиясының, Халықаралық Айтматов академиясының академигі, Алматы, Тілешов Ербол Ердембекұлы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Астана, Смағұлов Жандос Қожахметұлы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының (МАИН) академигі, Қарағанды, Абдуалы Асқар Бегәділұлы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Тараз, Карибаев Сәрсембай Өскенбайұлы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, Шымкент, Халикова Нұрила Сатыбалдықызы Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Шымкент, Бақторазов Сейдахан Уәлиұлы, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің профессоры, «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы, Тараз, Әбілов Меңдібай Әбілұлы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Журналистер Одағының мүшесі, Тараз, Омаров Нұрлыбек Құралбекұлы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, Шымкент т.б. ғалымдар және Жоғары оқу орындарының студенттері мен магистрант, докторанттары және орта білім беру саласының мұғалімдері қатысты.

17. 2025 жылдың 12 қаңтар күні Тараз қаласында халқымыздың ұлы тұлғасы, қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың туғанына орай еске алу шарасы өткізілді. Бұл маңызды іс-шараға Тараз қаласының зиялы қауымы, ғалымдар, студенттер мен білім беру саласының өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында Құлбарақ Сәмен сөз сөйлеп, Дінмұхамед Қонаевтың мемлекетіміздің дамуындағы аса маңызды қызметтерін атап өтті. Ол Қонаевтың еңбек жолы мен еліміздің экономикасы, мәдениеті мен ғылымының дамуына қосқан үлесін ерекше бағалап, жас ұрпақты осы тұлғаның өмірі мен мұрасына құрмет көрсетуге шақырды. Сонымен қатар, Құлбарақ Сәмен ұлы тұлғаның идеалдары мен ұстанымдарын жастарға насихаттаудың маңыздылығын атап өтті.

<https://www.instagram.com/jambylinfo/p/DEtmFeyi9d2/>

18. 2025 жылдың 24 қаңтар күні М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінде ф.ғ.д. профессор Мекемтас Мырзахметұлын еске алу кеші өтті. Кездесуге Дулати университетінің профессор-оқытушылар құрамы, ғалымдар қатысып, Мекемтас Мырзахметұлының ғылым мен білімге қосқан елеулі үлесін, ғылыми мұраларын ұлықтап, еске алды. Ғалымдар мен ұстаздар арасында әңгіме өрбітіп, Мекемтас Мырзахметұлының қазақ тіл біліміндегі ерекше орнын атап өтті.

Сонымен қатар, Құлбарақ Сәмен сөз сөйлеп, оның зерттеулері мен қоғамдық істердегі маңызды рөлін айтып, жас ғалымдарды осындай көрнекті тұлғалардың жолын жалғастыруға шақырды. Ол профессор Мекемтас Мырзахметұлының еңбекқорлығы мен ғылымға деген адалдығы туралы естеліктерімен бөлісті, оның шәкірттеріне көрсеттігі зор әсері туралы әңгімеледі.

Қатысушылар университеттің ғалымдарына арналған әртүрлі ғылыми жобаларды қолға алып, Мекемтас Мырзахметұлының есімін ұлықтау бағытында жұмыстар атқаратындарын жеткізді. <https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/7601-professor-mekemtas-myrzakhmet-lyn-eske-alu-keshi-tti.html>

Университет қабырғасында Ұлттық құрылтайдың IV отырысындағы тапсырмаларды жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев университеттің профессор-оқытушылар құрамымен және студенттермен кездесті.

Жиынды Басқарма Төрағасы – Ректор Мұхтар Байжұманов ашып, ел болашағы үшін жастардың білімді, бәсекеге қабілетті болуы аса маңызды екенін атап өтті. Оқу ордамыз еліміз таңдаған даму жолынан ешқашан айнымайтынын тілге тиек етіп, болашаққа сеніммен қарайтын ұлт қана табысқа жете алатынын баса айтты.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Сәмен Құлбарақ сөз алып, Ұлттық құрылтайда кеңінен қозғалған ұлттық құндылықтар, руханият және тіл мәселесіне тоқталды. Жастардың бойында ұлттық сана мен ана тілге деген құрметті қалыптастыру – басты мақсатымыз екенін тілге тиек етті.

Жиын барысында Басқарма мүшесі – ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Сейтжан Орынбаев сөз алып, заманауи технологиялар, жасанды интеллект, цифрлық білім беру платформаларының маңыздылығына тоқталды. Ұлттық құрылтайда талқыланған цифрлық даму және инновациялық әлеует туралы сөз қозғап, университет тарапынан бұл бағытта серпінді қадамдар жасалып жатқанын жеткізді. Білім мен технологияны үйлестіру – болашақтың кепілі екенін баса айтты.

Жиында Мәлік Нұржанұлы тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепілі болып табылатын еліміздің экономикасы мен мәдениеті, білім мен ғылым салаларындағы елеулі жетістіктер жөнінде сөз етті. Президент барлық сала бойынша түрлі бастамаларды көтеріп, алдағы жұмыс жоспарын бекемдеп бергенін әрі Қасым-Жомарт Тоқаев көтерген барлық саяси реформалар болашақта өз жалғасын табатынын тілге тиек етті. Ұлттық құрылтайдың IV отырысында айтылған басты мәселелерге – ел ішіндегі қоғамдық келісім, әлеуметтік әділеттілік, жастардың ел дамуына қатысуы және рухани жаңғыру бағытына кеңінен тоқталды. Мемлекет басшысы жастарды жаңа Қазақстанның қозғаушы күші ретінде көретінін әрі бұл – үлкен сенім әрі зор жауапкершілік екенін жеткізді. Сондықтан қазіргі студент – ертеңгі қоғам көшбасшысы екенін сөз етті.

Кездесу соңында Мәлік Нұржанұлы біліммен қатар ұлттық тәрбиеге ден қоятын оқу ордасының білім жүйесі жыл сайын жаңарып, заман талабына сай жаңғырып келетінін айтып, ұжымға өз алғысын білдірді.

<https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/8029-keleli-kezdesu-tti.html>

19. 2025 жылдың 10 сәуірінде Университет қабырғасында «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығы және «Маркетинг және кәсіптік бағдарлау» басқармасының ұйымдастыруымен «Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектерінің тәлім-тәрбиелік маңызы» атты эссе байқауының қорытындысы бойынша үздік деп танылған оқушыларға салтанатты түрде марапаттар табысталды.

Байқаудың мақсаты – жас ұрпаққа ұлттық тарихты ұлықтап, ұлы ғұлама Мұхаммед Хайдар Дулатидің рухани мұрасын насихаттау. Сонымен қатар, білімгерлердің тарихи сана-сезімін қалыптастырып қана қоймай, шығармашылық қабілетін шыңдау.

Қатысушылар тарихи деректер мен ғұламаның еңбектерін негізге ала отырып, оның тәлімдік мәнін шығармашылық тұрғыда ашып көрсетуге тырысты. Жиын барысында байқау қатысушылары мен жетекшілері марапатталып, жүлделі орын жеңімпаздарына білім гранттары тағайындалды.

Нәтижесінде, Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның 11 сынып оқушысы Аянат Улұхманова үздік деп танылып, 100% оқу жеңілдігіне ие болды. Байзақ ауданы, Байзақ ауылындағы №4 мектеп-лицейдің 11 сынып оқушысы Ақмарал Джуманазарова екінші орынды иеленіп, 75% оқу жеңілдігіне ие болды. Ал, үшінші орын Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Асанбай Асқаров атындағы жалпы орта білім беретін тірек мектеп-гимназиясының 11 сынып оқушысы Айым Хамитқызына бұйырып, 50% оқу жеңілдігіне ие болды.

Қатысушылар университет басшылығына алғыстарын білдіріп, жылы лебіздерін жеткізді. Білім ордасы алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, алға қойған мақсат-міндеттерді жүзеге асыратындығына сенім білдірді.

20.2025 жылдың 21 мамыр айында Астана қаласында көрнекті әдебиеттанушы, академик Рымғали Нұрғалидің 85 жылдығына арналған «Қазіргі әдебиеттану: теориялық мәселелер және жаңа парадигмалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Бас қосқан қауым Рымғали Нұрғалидің рухына тағзым етіп, оның қазақ әдебиеттануына сіңірген өлшеусіз еңбектерін сөз етті. Әдебиет теориясы мен драматургия саласындағы іргелі зерттеулері, сондай-ақ қазіргі гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі жан-жақты талданды. Орталықтың бас ғылыми қызметкері Құлбарақ С.Рымғали Нұрғали ағамыз ұлттық әдебиеттануға ерекше еңбек сіңірген адам. Әсіресе бұл кісінің үлкен еңбегі-әдебиеттанудағы теориялық мәселелерін терең, жан-жақты қарастыратын. Драматургияның теориялық мәселелері – бұл біздің ғылымымызға қосқан үлкен теориялық жаңалық болды. Көше аттарын беру, тек қана Астана, Алматыда ғана емес, туған жері Семейде, Шығыс Қазақстан Өңірінде аттары берілуі тиіс деп ой тастады.

<https://qazaqstan.tv/index.php/news/211664/?ysclid=mayv5utr10475700897>

Құлбарақ С. Тараз толғамдары: әдеби талдалар мен толғамдар. / -Алматы, «Kemel Kitap» баспасы, 2025. 294 б.

БАҚ – жарияланымдар:

1. Бакторазов С.У., «Жетінші бесжылдықтағы жаңашылдық жаршылары» «Ақ жол» газеті 20 тамыз 2024 ж. <https://aqjolgazet.kz/173739/zhetinshi-beszhyldy-ta-y-zha-ashyldy-zharshylary>

2. Бакторазов С.У., «Хрущевская семилетка приоритеты региона: свекла, животноводства, рационализаторство» «Знамя труда» 24 август 2024 г. <https://ztgzt.kz/80271/hrushchevskaya-semiletka>

3. Бакторазов С.У., «Экономиканы экстенсивті дамыту үдерісінің өңірімізге әсері» «Ақ жол» газеті 26 қыркүйек 2024 ж. <https://aqjolgazet.kz/174172/ekonomikany-ekstensivti-damytu-derisini-irimizge-seri>


4. Орынбасар Б. «М.Х.Дулати- Кашмир билеушісі» Ұлы дала мұрасы ғылыми-танымдық журнал 1 тамыз 2024 ж.

5. Бакторазов С.У., «Дихандардың далалық ұстанымен сауыншылар сerti» «Ақ жол» газеті 8 қазан. <https://aqjolgazet.kz/174323/dihandardy-dalaly-stanymy-men-sauynshylar-serti-1966>

6. Самбетова Г., «Дулати мұрасы – тәрбиенің бастау бұлағы» «Ақ жол» газеті 22 қазан.
7. Бақторазов С. «Өтпелі кезеңдегі дағдарысты ырықтандыру қалай өтті?» «Ақ жол» 30 қараша 2024 ж. <https://aqjolgazet.kz/174819/tpeli-keze-degi-da-darysty-yny-tandyru-alay-tti>
8. Бақторазов С. Соңғы онжылдықтағы биік белестер «Ақ жол» газеті 12 желтоқсан 2024 ж. <https://aqjolgazet.kz/174911/so-y-onzhyldy-ta-y-biik-belester>
9. Бақторазов С. «Жамбылдықтардың өшпес ерліктері жадымызда» «Ақ жол» 4 наурыз 2025 ж. <https://aqjolgazet.kz/175655/zhambyldy-tardy-shpes-erlikteri-zhadymyzda>
10. Бақторазов С. «Жеңісті жақындатқан жамбылдық тыл еңбеккерлері жадымызда» Ақ жол 29 наурыз 2025 ж.
11. Құлбарак С. «Шын ғалым өтті өмірден» «Ақ жол» газеті 14 қаңтар 2025 ж.
12. Құлбарак С. «Үкілі жырларды оқығанда туған ой» «Ақ жол» газеті 4 ақпан
13. Самбетова Г. «Туризмді дамытудың балама жолы» «Ақ жол» газеті 27 ақпан
14. Орынбасар Б. «Халықаралық қатынастарда Қазақстанның беделі биік» «Знамя труда» 13 сәуір 2025 ж.
15. Орынбасар Бағлан «Жамбыл тараз» «Ел тарихы жолында еңбек еткен Ермұхан» газеті 2025 жыл 14 маусым 25 ж
16. Самбетова Гаухар «Балалар әдебиетінің бағбаны» «Жамбыл Тараз» газеті 19 маусым 2025 ж.

Орындаушылар: Құлбарак С.  «25» «06» 2025 ж.

Орынбасар Б.  «25» «06» 2025 ж.

Самбетова Г.  «25» «06» 2025 ж.


Жұмыс жоспары	Н 7-1.2.01 08.08.2023	 DULATY
---------------	--------------------------	---

БЕКІТЕМІН

Ғылыми және коммерцияландыру
департаментінің директоры
А.Кабдушев
2024ж



«Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының 2024 – 2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№ р/с	Іс – шаралардың аты	Орындалу түрі	Жауапты орындаушы	Орындалу мерзімі	Нақты орындалуы туралы белгілеу	Орындаушының қолы
1	М.Х.Дулати мұралары мен Тараз – Әулиеата – Жамбыл аймағының қоғамдық-саяси жағдайларына қатысты сарап-тамалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жолға қою.	3	4	5	6	7
1	М.Х.Дулати мұралары мен Тараз – Әулиеата – Жамбыл аймағының қоғамдық-саяси жағдайларына қатысты сарап-тамалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жолға қою.	БАҚ-да жарияланымдар семинарлар, дөңгелек үстелдер	С.У. Бакторазов, Орталық қызметкерлері	Оқу жылы бойы		
2	Жамбыл облысының 85 жылдық мерей тойына орай өңір тарихына қатысты деректемелік және тарихнамалық материалдар дайындау.*	Қолжазба	С.У. Бакторазов Орынбасар Б.Қ. Самбетова Г.Т.	2024 жыл қыркүйек – қараша		
3	Елімізде экономиканы экстенсивті дамыту үдерісінің Жамбыл өңіріне әсері	Мақала	С.У. Бакторазов	2024 жыл қыркүйек		
4	«Жамбыл облысының тарихы» тақырыбындағы деректемелік және тарихнамалық негіз көздерін тауып, оны ғылыми тұрғыда өңдеп, дайындау арқылы оқу процесіне енгізу. */***	Монография	С.У. Бакторазов	2024 жыл қазан		

Жұмыс жоспары	Н 7-1.2.01 08.08.2023	
---------------	--------------------------	---

5	Жамбыл облысы тарихына қатысты деректемелік және тарихнамалық материалдар дайындау.*	Дөңгелек үстел	С.У. Бакторазов Самбетова Г.	2024 жыл қазан	Орындалған	CSL
6	«М.Х.Дулати мұраларын зерттеудегі Әббаттар қажы Дербісәлінің ғылыми еңбектерінің маңызы» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысы**	ҒЗЖ есебі, мақала	С.О.Құлбарак	Оқу жылы бойы	Астана қаласы іс-бапарымен барлығы материалдар жинақталған.	CSL
7	«М.Х.Дулати мұралары Өзбекстан ғалымдарының зерттеуінде» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысы**	ҒЗЖ есебі, мақала	С.О.Құлбарак	Оқу жылы бойы	іс-сапары 2025ж қараша айына қарай жинақталған.	CSL
8	«М.Х.Дулати мұраларындағы тәрбие мәселесі»	Мақала	Б.Қ.Орынбасар	Оқу жылы бойы	Орындалған	CSL
9	«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» тақырыбындағы Президент Жолдауының бастамасымен жас ұрпақты нағыз отаншылдыққа тәрбиелеу мақсатында М.Х.Дулатидің аты берілген 3-10 қараша аралығында университеттің факультеттерінде «М.Х.Дулати – көрнекті мемлекет қайраткері» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шаралар өткізу	Ашық тәрбие сағаты	С.О. Құлбарак Самбетова Г.	2024 жыл қараша	Орындалған	CSL
10	М.Х.Дулатидің 525 жылдығына арналған «М.Х.Дулати мұраларының тарихи-танымдық тағылымдары» тақырыбындағы «ХІІ Дулати оқулары»*	Халықаралық ғылыми-практикалық конференция	Орталық қызметкерлері «Тарих» кафедрасы, магистранттар	2024 жыл қараша	Қараша айындағы байланысты конференцияға кейінге қалдырылған.	CSL
11	Scopus және ГЖБСҚЕК бағытындағы халықаралық және Қазақстан Республикасының арнайы ғылыми журналдарына мақалалар жариялау және баспаға беру**/**	Мақала	Орталық қызметкерлері	Оқу жылы бойы	Орындалған	CSL
12	Отандық және шетелдік ғылыми орталықтармен меморандум жасау**	Меморандум		Оқу жылы бойы	Орындалған	CSL

Жұмыс жоспары	Н 7-1.2.01 08.08.2023	
---------------	--------------------------	---

		С.У.Бакторазов				Оқу жылы бойы	<i>Орындалған</i>	<i>CS</i>
13	Орталықтың ғылыми-зерттеу жұмыстарына «Тарих», «Филология» мамандықтарының магистрантарына «Дулатитану» тақырыбы бойынша семинар ұйымдастыру***	Семинар				Оқу жылы бойы	<i>Орындалған</i>	<i>CS</i>
14	Гранттық қаржыландыру конкурсына дайындалатын жоба тақырыбы: Оңтүстік Қазақстанда жүргізілген кутын-сүргін саясатының деректемелік және тарихнамалық негіздері.	Жоба				Оқу жылы бойы	<i>Трактаттың жобасы бойынша дайындалған</i>	<i>CS</i>
15	Халықаралық республикалық конференцияларға мақалалар дайындау	Мақала				Оқу жылы бойы	<i>Орындалған</i>	<i>CS</i>
16	«Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының жұмысын жетекші әлеуметтік желілерде белсенді ету (сайт, порталдар, бағдарламалық жағынан қамтамасыз ету)	Ақпарат беру				Оқу жылы бойы	<i>Орындалған</i>	<i>CS</i>
17	Тұрар Рысқұловтың 130 жылдық мерейтойына орай «Ұлт көсемі» тақырыбында конференция өткізу	Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция			Орталық қызметкерлері «Тарих» кафедрасы, магистранттар	2024 жыл желтоқсан	<i>Орындалған</i>	<i>CS</i>
18	Әулиеата өңірін және М.Х.Дулати мұраларын зерттеу салаларындағы қалыптасқан алдыңғы қатарлы тәжірибені үйрену мақсатында республикамыздың және жақын шетелдердің жетекші университеттері мен ғылыми орталықтарына тағылымдамаға бару.	Іссапар			С. У. Бакторазов С.О. Құлбарак	2024-2025 оқу жылы	<i>Орындалған</i>	<i>CS</i>

Жұмыс жоспары	Н 7-1.2.01 08.08.2023	 DULATY
---------------	--------------------------	--

19	«Атлаш шайқасы және Ислам өркениетінің Ұлы далаға таралуы»	Халықаралық ғылыми-практикалық конференция	Орталық қызметкерлері «Тарих» кафедрасы, магистранттар	2025 жыл ақпан		
20	Тектұрмас феномені: аңызға негізделген ақиқат	Халықаралық ғылыми-практикалық конференция	Орталық қызметкерлері «Тарих» кафедрасы, магистранттар	2025 жыл Сәуір		
21	«Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында»	Дөңгелек үстел	Орталық қызметкерлері	2025 жыл мамыр		
22	Әулиеата өңірі саяси қуғын-сүргін жылдарында (1917-1939)	Дөңгелек үстел	Орталық қызметкерлері «Тарих» кафедрасы, магистранттар	2025 жыл мамыр		
23	«Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының жылдық есеп беруі	Есеп	Орталық қызметкерлері	2025 жыл маусым		

«Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы



С.У. Бакторазов

Ескерту

*-Жамбыл облысының 85 жылдығын ұйымдастыру және атап өту бойынша іс-шаралар жоспары 10 ақпан 2024 ж.

**-. Даму стратегиясы бағдарламасы 2023-2029 ж.19 наурыз 2024 ж.

*** - Қосымша № 4 жоспары 2020-2024 ж.